

SUMMARY

The article highlights the problem of marketing management of the competitive potential of light industry enterprises. The theoretical aspects of the structure and process of forming the competitive potential of light industry enterprises, the author's interpretation of the concept of «marketing competitive potential» are considered. It is proved that in the structure of the competitive potential, marketing is the basic platform, which influences the formation of long-term competitive advantages of light industry enterprises. The results of the study can be used by the light industry enterprises in the management of their marketing activities to increase the degree of customer satisfaction and their competitiveness.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Дюсембекова Жанар Маратовна – кандидат экономических наук, ассоциированный профессор, Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан, email: zhanar.dyussembekova@narxoz.kz

МРПТИ 65.63.29

JEL classification: R11

SHORT-TERM FORECASTING MODEL OF MILK PRODUCTION

A. Baiguzhinova¹, R. Elshibayev¹

¹Narxoz University, Almaty, the Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose is to define the place and share of regional milk production and dairy products in the country's economy.

In methodology used dynamic analysis for 1990-2018 and forecast based on mathematic model the milk production for 3 years.

Originality shown conducted an assessment of the regional market of dairy products and its prospects for development.

Identified the major trends and factors of changes in the productions efficiency and in milk distribution are findings of the research.

Recommendations for milk market development are proposed. The forecast of raw milk production is based on the dynamic time series model.

Keywords: dairy market, economic potential, competitiveness, forecast.

СҮТ НАРЫҒЫ ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІН ҚЫСҚА МЕРЗІМГЕ БОЛЖАУ ҮЛГІСІ

А.Ж. Байгужинова.¹, Р.Қ. Елшібаев ¹

¹ Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты аймақтық сүт және сүт өнімдері өндірісінің жалпы ел экономикасындағы орны мен үлесін анықтау.

Әдіснама негізі 1990-2018 жылдар аралығын талдау және алдағы 3 жылдық сүт өндірісін болжауға экономика-математикалық және статистикалық құралдар қолданылды.

Ерекшелігі сүт және сүт өнімдерін өндірумен айналысатын агроөнеркәсіптік кешендегі сүт кәсіпорындарының қазіргі жағдайына диагностика жүргізілді.

Қорытындыда сүт өндірісі өзгеруінің негізгі тенденциялары мен факторлары анықталды; уақыт қатары моделінің нәтижесінде алынған республикалық сүт өндірісі көлемінің болжамы негізделген.

Түйін сөздер: сүт өнімдерінің өндірісі, экономикалық әлеует, бәсекеге қабілеттілік, уақыт қатары, болжам.

КІРІСПЕ


Еліміздегі азық-түлік кешендер елдің дамуы үшін үлкен экономикалық және әлеуметтік маңызы бар агроөнеркәсіптік кешеннің құрамдас бөлігі болып табылады. Ұлттық азық-түлік қауіпсіздігіміз агроөнеркәсіптік кешеннің шаруашылық субъектілері мен салаларының жиынтық экономикалық әлеуетіне байланысты. Агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі салаларының бірі-халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кең ауқымды өнімдер шығаратын сүт өндірісі кешендері мен кәсіпорындары. Халықтың тұтынушылық сұранысына сәйкес келетін бәсекеге қабілетті сүт өнімдерін шығару кәсіпорындардың экономикалық әлеуетін тиімді пайдалануына тікелей байланысты. Көптеген зерттеулерге сәйкес, саланың шаруашылықты жүргізуі нарықтық экономикалық жағдайына өткеннен кейін, сүт өндірісінің төмендеуі кей жылдары 40-50% дейін азаюы байқалды [1, 2]. Бұл өз кезегінде сүт өнімдерінің нақты өндірісі тұтынушылардың сұранысына сәйкес келмеуі мен өндірістің ғылыми-техникалық деңгейінің төмендеуіне әкелді. Осы кезеңде сәйкесінше импорттық өнімдердің үлесі сүт нарығында арта түсті, ал бұл жағдай ұлттық сүт және сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне ықпал етті және отандық өндірушілердің экономикалық әлеуетінің төмендеуіне әкелді.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сүт өнімдері бойынша импортты алмастыруды жүзеге асыруға бағытталған 2018 – 2027 жылдарға арналған сүт өндірісін дамытудың инвестициялық салалық бағдарламасын жүзеге асыру тұжырымдамасына сәйкес, Қазақстандағы сүт өндірісі осы он жыл ішінде 1 миллион тоннаға артуы керек деп көзделіп отыр. Сала бойынша 7000 қосымша жұмыс орыны ұсынылса, ал еңбек өнімділігі 24 мың Америка Құрама Штаттын (АҚШ) долларын құрамақ. Шығыс Қазақстан облысы (ШҚО) бойынша 14 ірі тауарлы-сүт фермасы және 90 отбасылық ферма құру жоспарланған [3]. ШҚО – Қазақстандағы жетекші сүт өндірушілердің бірі болғандықтан, аталған бағдарламадағы жобалар тізімінің көшбасшысы осы аймақ болып тұр. Сондықтан мақалада республикалық және ШҚО бойынша сүт өндірісі өзгеруінің негізгі тенденциялары мен факторлары анықталып, сүт өнімдері нарығын дамыту бойынша ұсыныстар жасалу жоспарланып отыр.

Ал әлемдік сүт өндірісі көлеміне келетін болсақ 2018 жылы бұл көрсеткіш 843 миллионға тоннаға жетті, өткен кезеңмен салыстырғанда 2,2 пайызға артты [4]. Мұндай өсімге Үндістандағы сүтті сиырлар санының артуы мен олардың сауымының өсуі, Түркияда интеграцияланған жүйелерді енгізу арқылы сүт өндірісінің тиімділігі артуы, Еуропалық Одаққа мүшелес елдер мен АҚШ бір сауынды сиырдың сауымының өсуі және Аргентинада өндірістің тоқтау уақытын азайту мен өңдеуші сектор өнімдеріне сұраныстың артуы негізінде қол жеткізілді. Сүт өнімдерінің дүниежүзілік экспорты, негізінен, АҚШ мен Аргентина, сондай-ақ Үндістан, Уругвайда 2017 жылға қарағанда 2,1 миллион тоннаға немесе 2,9 пайызға артып, 75 миллион тоннаға дейін өсті [5].

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Соңғы жылдары өндіріс көлемін арттыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың өзгеруіне байланысты, отандық кәсіпорындардың экономикалық қауіпсіздігінің жоғарылауымен, сүт кешенесі кәсіпорындарының дамуында оң динамика байқала бастады (сурет 1). Сүт өнімдеріне қатысты елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолда бар әлеуетті барынша пайдалану және оны арттыру қажет [6].



1-сурет. ҚР және ШҚО бойынша жалпы сүт өндірісінің динамикасы, мың тонна
Ескерту: авторлар құрастырған [7].

Сүт өндірісінің республикалық деңгейдегі ең маңызды құлдырауы (33,9 %) 1990-2000 жылдар аралығына келеді, себебі бұл жалпы ел экономикасының төмендеуімен тұспа-тұс келді. Кейіннен ондай маңызды ауытқулар байқалмады. Жалпы республикалық сүт өндірісінде ШҚО-ның пайыздық үлесі әр жылда 11-16 % арасында ауытқып отырады.

Сала дамуының келесі маңызды көрсеткіші болып ірі қара, соның ішінде сауынды сиырлар саны және олардың өнімділігі саналады. Олардың өзгерісі келесі суретте көрсетілген.



2- сурет. Ірі қара мал басының өзгеру динамикасы, мың бас
Ескерту: авторлар құрастырған [7].

Жалпы 90-шы жылдардағы тоқырау барлық сүт саласының көрсеткіштеріне кері әсерін тигізді. Бұл үрдістің басты себебі: ауыл шаруашылығы малдарын күтіп-баптау шығындарының орнын жабуда мемлекет рөлінің күрт төмендеуі; өтпелі кезеңдегі макро және микроэкономикалық көрсеткіштердің тұрақсыздығынан дайын өнім бағасы мен материалды-техникалық ресурстар арасындағы диспаритеттің орын алуы; импорттық өнімдердің экспансиясы болды.



3- сурет. ШҚО бойынша бір сауылатын сиырға келетін орташа сүт сауымы, кг.
Ескерту: авторлар құрастырған [7].

Суретте ШҚО бойынша бір сауылатын сиырға келетін орташа сүт сауымының өзгерісі келтірілген. Шығыс Қазақстан облысы - Қазақстандағы жетекші сүт өндіруші аймақтың бірі екендігін ескере кетсек, соңғы 2018 жылы облыста 914858,5 тонна сүт өндірілді, бұл жалпы республикалық деңгейдің 16,1 % құрайды. Сонымен қатар жалпы өндірілген сүттің 63,2% халықтың жеке шаруашылықтарында, 33,5% - жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермер) шаруа қожалықтарында, ал 3,3% ғана - ауыл шаруашылық кәсіпорындарында өндірілді. Алайда бір сауылатын сиырға келетін орташа сүт сауымына келетін болсақ, оның деңгейі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында әлеқайда жоғары. Бұл аймақтың ұсақ тауарлы сүтті мал шаруашылығы екендігін білдіреді. 2019 жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша 952699 ірі қара мал немесе республикалық деңгейдегі үлесі-14,1%, оның ішінде сауынды сиырлар -529024 бас немесе республика бойынша жалпы үлесі - (14,4%) құрады. Сонымен бірге, облыстың ауыл шаруашылығы құрылымдарында ірі қара малдың үлесі 51,5%-ды құрады, бұл көрсеткіш орташа республикалық деңгейде 42,7% құрады.


Сүт және сүт өнімдерін өндіруді кеңейтуге кедергі болатын факторлардың біріне сауынды сиырлардың басым бөлігінің халықтың жеке шаруашылықтарында болуы фактісі жатады. Сонымен қатар, шағын тауар өндірушілер едәуір аумақта шашырап таралып жатқандықтан, нәтижесінде азық-түлік өнеркәсібі кәсіпорындарында өңдеуге арналған сүтті жинау және жеткізу проблемалары, сондай-ақ шикізаттың қажетті сапасын қамтамасыз ете алмау жағдайлары орын алады. Нәтижесінде Шығыс Қазақстан облысында өңделген сүттің үлесі 18%, сүт өндірісінің қуаттылығы 65% құрады.

Мұндай жағдайлардың ел экономикасында орын алуы және одан шығу жолдары М. Дирвеннің көп жылғы зерттеулер нәтижесінде жазылған «Dairy Clusters in Latin America in the Context of Globalization» атты еңбегінде келтірілген. жылғы зерттеулер нәтижесімен түсіндіруге болады [8]. Латын Америкасындағы ауылдарды дамыту саясатындағы маңызды мәселелердің бірі болып кластерлік дамыту тиімді және әділетті дамудың сенімді жолы болып табылады ма деген сұрақ болды. Сүт секторындағы бұл мәселені шешу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Латын Америкасы мен Кариб бассейні экономикалық комиссиясы Чили, Колумбия, Уругвай, Аргентина және Нидерланды елдеріндегі

сүт кластерлерін зерттеді. Жаңашылдардың соңынан жергілікті фирмалар жоғарыда айтылған жылдам өзгерістерге қарсы қорғаныс стратегияларын қолдана бастады, әдетте олардың көп ұлтты компаниялар екендігін ескере кету қажет. Алайда, сүт секторының тұрақты өсуіне қарамастан, Чили, Аргентина және Уругвайда жүргізілген зерттеулер сүт фермасында шағын фермалар мен агробизнесінің айтарлықтай зардап шеккенін көрсетті, ұқсас құбылысты сол жылдары Бразилия зерттеушілері де тапты. Латын Америкасы елдеріндегі зерттелген сүт кластерлерінің 1990 жылдардағы даму құрылымында ортақ сипаттамаларға ие, атап айтқанда, сүт өнімдері тізбегін өңдеу және тарату сегменттеріндегі ірі отандық корпорациялардың маңыздылығы артып келеді. Бұл сүт өнеркәсібіндегі кішігірім отандық фирмалармен жасалатын операцияларға тәуелділікті азайтуға және салааралық шоғырлануды мен капитал сыйымдылығы жоғары технологияларды қолдануға ауысуды, сондай-ақ қалалық орталықтарға бағытталған іс-әрекеттерді ынталандыруға бағытталған [9, 10].

Сүтті фермерлік шаруашылықтар үшін тағы бір маңызды мәселе ретінде сапалы азықтардың болмауын атап өткен жөн. Себебі сүт сауылымын және сиырлардың өнімділігін арттыруда шешуші фактор болып оларды азықпен қамтамасыз ету саналады. Мамандардың айтуынша азық базасын толығымен нығайту арқылы сүт өндірісіндегі мерзімдік ауытқуларды 60-70 % дейін қысқартуға болды [11]. Жыл бойы сауынды сиырларды толыққанды, кепілді азық базасымен қамтамасыз ете отырып сүт өнімділігінің экономикалық тиімділігіне қол жеткізуге болады. Шығыс Қазақстан – табиғаты қауіп-қатерлі ауыл шаруашылығы аймағы болғандықтан, жем-шөп дақылдарының егістіктерін үнемі суарып отыру қажет. Ауа-райының қолаңсыз жағдайларына қарай суарылмаған егістіктерден жеткілікті азық қорын алуға кепілдік беру мүмкін емес.

Қазақстан Республикасы бойынша сүт өнімдері өндірісінің болашағын айқындау үшін біз жоғарыда талданған сүт өндірісі көлемінің 2000-2018 жылдар арасындағы уақыт қатары қарқынын зерттедік және жақын болашаққа болжам жасадық [12-14]. Барлық есептеулер «Microsoft Excel» қолданбалы бағдарламасының көмегімен орындалды. Суретте «сүт өндірісінің көлемі, мың тонна» қатарын аналитикалық түзету нәтижесі көрсетілген.



4-сурет. ҚР бойынша сиыр сүті өндірісінің 2000-2018 жылдар аралығындағы өзгерісі, мың тонна.
Ескерту: авторлар құрастырған [7].

Зерттеліп отырған көрсеткіштің қозғалыс қарқынын үшінші ретті полином жақсы көрсетеді және $R^2=0,92$. Қысқа мерзімді болжам жасау үшін соңғы жылға дейінгі мәліметтерді қолданып, 2018 жылға болжам жасау және нақты деректермен салыстыру арқылы болжамның нақтылығын есептейміз.

2018 жылғы республика бойынша сиыр сүті өндірісінің көлемі 5686,2 мың тонна. Зерттеу аралығында 19 кезең алынды, яғни 2018 жыл 19 кезең деп алып төмендегідей мәнге ие боламыз:


$$Y(2018)=1.1644*(19*19*19)-41.235*(19*19)+496.3*19+3083.4=5613.9 \text{ мың тонна.}$$

Осыған сәйкес болжамның орындалуы - 98,72 %.

$$\text{Болжам 2019 жыл: } Y(2019)=1.1644*(20^3)-41.235*(20^2)+496.3*20+3083.4=5830.6 \text{ мың тонна.}$$

$$\text{2020 жыл: } Y(2020)=1.1644*(21^3)-41.235*(21^2)+496.3*21+3083.4=6104.57 \text{ мың тонна}$$

$$\text{2021 жыл: } Y(2021)=1.1644*(22^3)-41.235*(22^2)+496.3*22+3083.4=6442.79 \text{ мың тонна.}$$



5-сурет. Y және Y* кескіні
Ескерту: авторлар құрастырған

Болжамның қаншалықты соңғы кезеңдер өзгерісіне сай келетіндігі 5-ші суретте көрсетілген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, зерттеуде экономикалық және статистикалық әдістерді қолдану ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан негізгі салалардың бірі - Қазақстан Республикасы сүт өндірісінің негізгі көрсеткіштеріне орташа мерзімді перспективада оның даму сценарийлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді және келесі 3 жылға болжам жасалады.

Зерттеу нәтижесінде аймақтың сүт және сүт өнімдерін өндіру мен өңдеудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ұсыныстар жасалды. Сүт өндірумен айналысатын фермерлік шаруашылықтардың тиімділігін арттыру үшін сүт фермаларына технологиялық модернизациялау жүргізу қажет, оған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының есептеріндегі мәліметтеріне сай мыналар кіреді:

- сиырларға арналған бос жайылым жүйесін енгізу;
- сиырларды саууда жаппай роботтандыру мен заманауи сауу машиналарын қолдану;
- алғашқы туған сиырлар мен ересек сиырларды бөлек технологиялық топтарда ұстау;
- сауынды сиырлардың күйлілігіне ай сайын мониторинг жүргізу [15].

Қазіргі уақытта сүтті өңдеумен айналысатын кәсіпорындардың басым бөлігі қалаларда орналасқан. Ал, автокөлік тасымалы желісінің ағымдағы жағдайында өңдеуге қажетті сүт мөлшерін 150-200 шақырым радиуста тасымалдау қажет. Сондықтан сүт өнімдерін өндіруде аумақтық мамандандыруды дамыту қажет. Қала маңындағы сүт фермалары туралы айтатын болсақ, олар сауда ұйымдарымен тікелей байланысты болуы керек.

Өндірістің тиімділігін арттыру үшін маңызды резерв аймақтық сүт кешенінің агроөнеркәсіптік интеграциясын дамыту болып табылады деп сенеміз, бұл:

- өндірістік қуаттарды ұтымды пайдалану;
- жоғары қосылған құны бар өнімдерді шығару үшін материалдық, еңбек және қаржы ресурстардың шоғырлануы;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге кепілдік беру;
- тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз ету;
- дайын өнім бағасының төмендеуіне ықпал ететін, оның көлемінің артуына, сондай-ақ айналым қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін делдалдардың санын азайту;
- еңбекті тиімді ұйымдастыру және озық технологияларды пайдалану нәтижесінде халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарымен салыстырғанда еңбек өнімділігі артып келе жатқан ірі мамандандырылған сүт фермаларын құру [16];
- шетелден сатып алынатын жоғары өнімді жануарлардың ұрығын пайдалану арқылы жасанды ұрықтандыру тәжірибесін кеңейту, сауынды сиырлар тұқымын жақсарту және осы негізде сүт өндірісін көбейтуге ықпал ету, ал бұл өз кезегінде сауынды сүттің өзіндік құнының төмендеуіне және сүт өнеркәсібіндегі өндірістің рентабельділігін арттыруға көмектеседі;
- тұқымдық дақылдардағы суармалы жерлердің үлесін ұлғайту негізінде сүт фермасының азық базасын дамыту;
- ауыл шаруашылығы және өңдеу өнеркәсібі саласын білікті кадрлармен қамтамасыз ету.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кирдосинова К.А. Продовольственная безопасность Казахстана: оценка состояния и пути обеспечения. Научный журнал «Актуальные проблемы экономики», № 6 (144), 2013. 247-257 стр.
2. Сактаева А.А. Современные тенденции производства молока и молочных продуктов Вестник КАСУ №3 – 2010 259 стр.
3. Концепции реализации инвестиционной отраслевой программы развития молочного животноводства на 2018-2027 гг.
4. FAO. 2019. Dairy Market Review, March 2019. Rome.
5. Официальный интернет-ресурс Всемирного Банка [Электрон. ресурс]. – 2019. – URL: <https://www.worldbank.org> (дата обращения: 18.09.2019)
6. «Агробизнес-2020» 2013-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың бағдарламасы
7. Официальный интернет-ресурс Комитета по статистике [Электрон.ресурс]. – 2019. – URL: <http://www.stat.gov.kz> (дата обращения: 02.09.2019)
8. Martine Dirven Dairy Clusters in Latin America in the Context of Globalization International Food and Agribusiness Management Review, 2(3/4): 301–313
9. Официальный интернет-ресурс Всемирной организации здравоохранения [Электрон.ресурс]. – 2019. – URL: <https://www.who.int> (дата обращения: 8.08.2019)
10. Официальный интернет-ресурс рыночных исследований [Электрон.ресурс]. – 2019. – URL: <https://www.marketresearch.com> (дата обращения: 6.08.2019)
11. Лабинов В. В. Проблемы молочной промышленности и пути их разрешения. Материалы международной научно-практической конференции «Молочная индустрия 2007», М.: АНО «Молочная промышленность», 2007. - 152 с.
12. Рахметова Р.Ө. Эконометрика. – Алматы: Экономика, 2015. -206 б.
13. Эконометрика: учебник / под ред. И.И. Елисеевой. М.: Финансы и статистика, 2005. - 450 с.
14. Елисеева И.И., Флуд Н.А., Юзбашев М.М.. Практикум по общей теории статистики / под ред. И.И. Елисеевой. - М.: Финансы и статистика, 2008. 512 с.
15. Официальный интернет-ресурс Управления сельского хозяйства ВКО [Электрон.ресурс]. – 2019. – URL: <http://www.agro.vko.gov.kz> (дата обращения: 05.09.2019).

16. Porter, M. E. 1998. "Clusters and the new economics of competition." Harvard Business Review, November-December: 77–90

REFERENCES

1. Kirdosinova K.A. Prodovol'stvennaja bezopasnost' Kazahstana: ocenka sostojaniya i puti obespecheniya. Nauchnyj zhurnal «Aktual'nye problemy jekonomiki», № 6 (144), 2013. 247-257 str.
2. Saktaeva A.A. Sovremennye tendencii proizvodstva moloka i molochnyh produktov Vestnik KASU №3 – 2010 259 str.
3. Koncepcii realizacii investicionnoj otraslevoj programmy razvitija molochnogo zhivotnovodstva na 2018-2027 gg.
4. FAO. 2019. Dairy Market Review, March 2019. Rome.
5. Oficial'nyi internet-resurs Vsemirnogo Banka [Elektron. resurs]. – 2019. – URL: <https://www.worldbank.org> (data obrascheniya: 18.09.2019)
6. «Agrobiznes-2020» 2013-2020 zhyldarga arналған Kazakstan Respublikasynda agroonerkasiptik keshendi damytudyn bagdarlamasy
7. Oficial'nyi internet-resurs Komiteta po statistike [Elektron.resurs]. – 2019. – URL: <http://www.stat.gov.kz> (data obrascheniya: 02.09.2019)
8. Martine Dirven Dairy Clusters in Latin America in the Context of Globalization International Food and Agribusiness Management Review, 2(3/4): 301–313
9. Oficial'nyi internet-resurs Vsemirnoi organizacii zdravooхранeniya [Elektron. resurs]. – 2019. – URL: <https://www.who.int> (data obrascheniya: 8.08.2019)
10. Oficial'nyi internet-resurs rynochnyh issledovaniy [Elektron.resurs]. – 2019. – URL: <https://www.marketresearch.com> (data obrascheniya: 6.08.2019)
11. Labinov V. V. Problemy molochnoj promyshlennosti i puti ih razresheniya. Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Molochnaja industriya 2007», M.: ANO «Molochnaja promyshlennost'», 2007. - 152 s.
12. Rahmetova R.O. Jekonometrika. –Almaty: Jekonomika, 2015. - 206 b.
13. Jekonometrika: uchebnik / pod red. I.I. Eliseevoj. M.: Finansy i statistika, 2005. - 450 s.
14. Eliseeva I.I., Flud N.A., Juzbashev M.M. Praktikum po obshhej teorii statistiki / pod red. I.I. Eliseevoj. - M.: Finansy i statistika, 2008. - 512 s.
15. Oficial'nyi internet-resurs Upravleniya sel'skogo hozyaistva VKO [Elektron.resurs]. – 2019. – URL: <http://www.agro.vko.gov.kz> (data obrascheniya: 05.09.2019).
16. Porter, M. E. 1998. "Clusters and the new economics of competition." Harvard Business Review, November-December: 77–90

ТҮЙІН

Қазақстан Республикасы және ШҚО бойынша сүт өндірісі өзгеруінің негізгі тенденциялары мен факторлары анықталды; шикі сүтті өндіруді кеңейту перспективаларын дәл анықтайтын сүт және сүт өнімдері нарығын дамыту бойынша ұсыныстар жасалды; уақыт қатары моделінің нәтижесінде алынған республикалық сүт өндірісі көлемінің болжамы негізделген.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются состояние и перспективы развития рынка молочной продукции ВКО и РК. Выявлены ключевые факторы, которые оказывают влияние на объемы производства молока и молочной продукции. В заключении обоснован прогноз объема производства сырого молока на основе динамики модели временного ряда.

SUMMARY

This article studies the state and development prospects of the milk and dairy products market in Kazakhstan and East Kazakhstan region. We identified key factors that influence the production of milk and dairy products. In conclusion, we use dynamic time series model to justify forecast raw milk production.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Байгужинова Алма Жумагалиевна – докторант PhD, Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан, email: alma.baiguzhinova@narхоз.kz

Елшібаев Рахымжан Қамытбекұлы – кандидат экономических наук, доцент, Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан, email: rakymzhan.elshibaev@narхоз.kz

МРНТИ 68.75.19
JEL C4

COMPARATIVE ANALYSIS OF SOCIO-ECONOMIC INDICATORS OF AGRIBUSINESS DEVELOPMENT IN WORLD COUNTRIES AND KAZAKHSTAN

A.A. Cheirkhanova ¹

¹Narхоз University, Almaty, The Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The article is devoted to the comparative analysis of socio-economic indicators of foreign countries using economic and mathematical methods for the development of agribusiness in Kazakhstan.

Assessing current trends in economic development, improving the competitiveness of agribusiness products, as well as creating conditions for the effective development of this sector, require a detailed study of the experience of foreign countries.

In order to compare the state of development of Kazakhstan's agribusiness and its place in the structure of the economy with global trends, a comparative class analysis of indicators of socio-economic development of foreign countries and the Republic of Kazakhstan using economic and mathematical methods was carried out.

The study was conducted based on the results of correlation-regression, cluster analysis using economic and mathematical methods. The data were processed in the statistical data program – Statistics 13 for applied research.

Key words: socio-economic indicators, economic and mathematical methods, correlation–regression analysis, cluster analysis, comparative analysis.